

ӨОЖ 327.7.

GTAMP 11.25.91

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.62.4.014>

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЖАҒАНДЫҚ КЛИМАТТЫҚ ДИПЛОМАТИЯДАҒЫ РӨЛІ: ЕО ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЛИМАТТЫҚ КЕЛІССӨЗДЕРДЕ КӨШБАСШЫ РЕТІНДЕ

*Ахметова Ш.К.¹

*¹ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Климаттың өзгеруі бүгінде халықаралық қауымдастық үшін маңызды сын-қатерлердің бірі ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда экология сыртқы саясаттың құралына айналатын дипломатиялық өзара іс-қимылдың жаңа жүйесі ретінде қалыптасуда. 27 елді біріктіретін Еуропалық Одақ өзінің климаттық стратегиясын дәйекті түрде дамытып, қоршаған ортаға әсерді азайтып қана қоймай, тұрақты дамудың жаһандық үлгісі ретінде әрекет етеді.

Соңғы онжылдықтарда Еуропалық Одақ (ЕО) жаһандық климаттық күн тәртібін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл мақалада ЕО-ның климаттық дипломатиясының дамуы зерттеледі. Оның негізгі құралдары ретінде заңнамалық база, экономикалық және қаржылық шаралар, сондай-ақ халықаралық климаттық форумдарға белсенді қатысуы қарастырылады. Бұл зерттеудің басты мақсаты – ЕО-ның халықаралық климаттық дипломатиядағы рөлін тереңірек түсіну және оның келіссөздер процесіндегі көшбасшылығын қамтамасыз ететін факторларды анықтау. Зерттеу барысында ЕО-ның экологиялық саясатының тарихи даму кезеңдері, халықаралық климаттық дипломатияға ықпал ету жолдары және ЕО-ның көпжақты келіссөздерге қатысуы талқыланады. Әсіресе, ЕО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымының климаттық конференциялары (COP26–COP28) аясындағы келіссөздерге ықпалына ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, оның көшбасшылық позицияларының беріктігін анықтайтын ішкі және сыртқы факторлар талданады. Мүше мемлекеттер арасындағы саяси келіспеушіліктер мен сыртқы қиындықтарға қарамастан, ЕО жаһандық климатты басқарудағы негізгі ойыншылардың бірі болып қала береді.

Тірек сөздер: Еуропалық Одақ, климаттық дипломатия, реализм, конструктивизм, халықаралық қатынастар, Климаттық қауіпсіздік, еуропалық жасыл бағыт, халықаралық нормалар

Кіріспе

Қазіргі таңда адамзат көптеген проблемалармен қақтығысуда. Солардың ішінде алдыңға орынға шығып отырған немесе басты орынға қойылып отырған, ол әрине экологиялық проблемалар. Иә, мүмкін біреу

үшін күлкілі жағдай болар әлемдегі болып жатқан соғыспен салыстырғанда, дегенмен бұл мәселе өте маңызды болып табылады. Әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда болған экологиялық проблемалар жинала келе, қазіргі кезде бүкіл әлемді алаңдатууда. Көп адамдарды ойландырып келе жатқан сұрақ: «Болашақ ұрпаққа біз мұраға не қалдырамыз?». Атмосфера, су және жер ресурстары сияқты біздің планетамыздағы негізгі экологиялық маңызды ресурстардың ластануда. Жалпы алғанда, бұл мәселе адамзатқа қауіп төндіруде деп қарастыруға болады. Осы күнге дейін көптеген мемлекеттер мен ұйымдар тарапынан экологиялық қауіптермен күресу жолында өз саясаттарын жүргізілуде, сонымен қатар климаттың өзгеруін шешуге бағытталған шаралар қабылдады. Бұған көз жеткізу үшін көптеген көпжақты құжаттарға қол қою тарихы мен хронологиясын қарау жеткілікті. Айта кету керек, климаттың өзгеруі проблемасының маңызды экономикалық құрамдас бөлігіне қарамастан, бұл мәселені шешудің бүкіл тарихы климаттың өзгеруі, ең алдымен, әлемнің жетекші елдерінің позициясына байланысты әлемдік саясат мәселесі екенін көрсетеді. Осы мақалада, барлық халықаралық акторлардың ішінде Еуропалық Одақ (ЕО) өзін климаттық дипломатияның көшбасшысы ретінде қарастырып, тұрақты даму мен климаттық бейтараптықтың күн тәртібін дәйекті түрде алға тартты. ЕО көшбасшылығы кездейсоқ емес; ол ішкі реформалардың («еуропалық жасыл келісім»), сыртқы саяси бастамалардың және халықаралық аренада нормативтік стандарттарды белгілеудің институционалдық қабілетінің үйлесіміне негізделген. Сонымен бірге, ЕО-ның халықаралық аренада әрекет етуін халықаралық қатынастар теориялары, әсіресе реализм мен конструктивизм тұрғысынан түсіндіруге болады. Бұл мақаланың мақсаты-ЕО-ның халықаралық климаттық дипломатиядағы рөлін көрсету және оның келіссөздер процесінде көшбасшылығын қамтамасыз ететін факторларды анықтау. Зерттеудің міндеттері ЕО-ның климаттық көшбасшылығының ішкі және сыртқы құралдарын зерттеу және ЕО-ның халықаралық климаттық келіссөздерге қатысу ерекшеліктерін талдау болып табылады.

ЕО-ның климаттық дипломатиясының жаһандық экологиялық басқарудағы және халықаралық қауіпсіздіктегі рөлінің артуына байланысты бұл тақырып өзекті болып табылады. Еуропалық Одақ климаттық күн тәртібіндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін әртүрлі құралдарды пайдаланады, мысалы, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, энергетикалық субсидиялар және энергетикалық секторларға көмек.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеу барысында ЕО-ның экологиялық саясатын талдау үшін ресми құжаттарға контент-талдау, ғылыми жарияланымдарға құжаттамалық талдау жүргізілді. Содан кейін алынған мәліметтер жүйеленді және жинақталды.

Мақаланың әдіснамалық негізі халықаралық қатынастардың екі жетекші теориясына - реализм мен конструктивизмге негізделген.

Саяси реализм теориясына сәйкес, халықаралық жүйеде мемлекет өз мүдделерінің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз етуге ұмтылатын негізгі актор болып табылады [1]. Осы тұрғыдан алғанда, Еуропалық Одақ климаттық дипломатияны Еуропалық Кеңес, Еуропалық Одақ Кеңесі және Еуропалық комиссия сияқты көпжақты институттар арқылы мүше мемлекеттермен келіссөздер жүргізу және одан әрі шешім қабылдау арқылы өзінің қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылығын нығайту құралы ретінде пайдаланады.

Климаттың өзгеруі тек экологиялық емес, сонымен қатар стратегиялық жауап беруді қажет ететін ұлттық және аймақтық қауіпсіздікке қауіп ретінде қарастырылады [2]. Реалистік көзқарас ЕО-ның неліктен жаһандық көшбасшылыққа ұмтылатынын түсіндіруге мүмкіндік береді: ол экономикалық тұрақтылықты, сауда мен технологияның халықаралық нормаларын бақылауды қамтамасыз етеді және оның әлемдік аренадағы мәртебесін нығайтады [1]. Осылайша, климаттық дипломатия энергетикалық және экологиялық ауысу жағдайында ықпалды сақтауға бағытталған ЕО-ның геосаяси стратегиясының бөлігі болып табылады.

Александр Вендт ұсынған конструктивизм теориясы халықаралық саясат тек материалдық мүдделермен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік құрылымдармен - нормалармен, сәйкестіктермен және қабылдаулармен қалыптасады деп тұжырымдайды [3]. Осыған сүйене отырып, ЕО климаттық дипломатиясы ұжымдық құндылықтарды қалыптастыратын және басқа қатысушылардың мінез-құлқына ықпал ететін нормаларды құруға және таратуға бағытталған процесс ретінде әрекет етеді. Еуропалық Одақ өз мүдделерін қорғап қана қоймайды, сонымен қатар «жаһандық климат көшбасшысы» рөлін атқара отырып, осы салада стандарттарды белгілей отырып, халықаралық мінез-құлық нормаларын қалыптастырады. Реализмнен айырмашылығы, конструктивизм ЕО-ның әрекеттерін климаттық әділеттілік пен ынтымақтастық идеясын қолдайтын құндылықтар, нормалар мен дискурстар жүйесі арқылы түсіндіреді.

Екі тәсілді қолдану ЕО-ның климаттық дипломатиясын әсер ету құралы және климатты қорғау және сақтау саласында жаңа халықаралық нормаларды қалыптастыру процесі ретінде жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Соңғы бес онжылдықта Еуропалық Одақ өзінің экологиялық саясатын жүйелі түрде қалыптастырып, іске асыруда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бұл кезең ауқымды табиғатты қорғау шараларымен, мүше мемлекеттердің экологиялық әрекеттерін үйлестіруге бағытталған нормативтік-құқықтық базаның құрылуымен және қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға арналған инновациялық тәсілдердің әзірленуімен сипатталады. Қазіргі таңда ЕО халықаралық экологиялық ынтымақтастық саласындағы жетекші

әлемдік ойыншылардың бірі ретінде танылып, табиғатты қорғау және экологиялық дипломатияға елеулі үлес қосуда. ЕО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті еуропалық заңнаманың кең ауқымымен, сондай-ақ оның табиғатты пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа белсенді қатысуымен расталады.

Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың (ЕЭҚ) бастапқы кезеңінде, атап айтқанда 1957 жылдан 1971 жылға дейін, экологиялық проблемалар құқықтық тұрғыдан назардан тыс қалды. 1957 жылғы Рим келісімінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ешқандай ереже қарастырылмағандықтан, экологиялық мәселелерді шешу әрбір мемлекеттің өз құзыретінде болды. Ерте интеграция кезеңінде экономикалық мақсаттар басым болды, ал экология өндіріс пен сауда стандарттары аясында ғана қарастырылды.

Келесі кезең, 1972-1985 жылдар аралығында экологиялық саясатты мемлекеттік деңгейде нығайту және қоршаған ортаны қорғау бойынша бірлескен әрекеттердің маңыздылығы артты. 1972 жылы Париж саммитінде ЕЭҚ елдері экономикалық даму мен табиғатты қорғауды теңестіру қажеттілігін мойындады. Сол жылы экология саласындағы алғашқы кең ауқымды бағдарлама қабылданып, экологиялық саясатқа жүйелі қараудың негізі қаланды. Сонымен қатар, ЕЭҚ 1979 жылы ауаның трансшекаралық ластануы туралы конвенцияға қол қою сияқты халықаралық бастамаларға белсенді қатысып, климаттық дипломатияның дамуына ықпал етті [4].

Біртұтас Еуропалық актіні (Single European Act, 1986) қабылдау нәтижесінде айтарлықтай прогреске қол жеткізілді, ол алғаш рет қоршаған ортаны қорғауды қоғамдастықтың ресми құзыреттерінің бірі ретінде бекітті. Құжат еуропалық экологиялық заңнаманың негізіне айналған алдын алу, субсидиялау және «ластаушы төлейді» қағидаттарын белгіледі [5]. Бұл кезеңді ЕО-ның климаттық саясатының іргетасы қаланған уақыт деп айтуға болады.

1992-2002 жылдар кезеңі Еуропалық Одақтың (ЕО) халықаралық қызметінің жандануымен ерекшеленді. Алғашқы экологиялық іс-қимыл бағдарламасы 1970 жылдары Одақта (сол кезде ЕЭҚ) іске қосылды, ал 1992 жылы Маастрихт келісіміне қол қойылғаннан кейін экологиялық саясат ЕО қызметінің негізгі бағыттарының біріне айналды [6]. Кейіннен, Амстердам келісімі (1997) экологиялық саясаттың маңыздылығын арттырып, оның орындалуын міндетті етті. Бұл кезеңде ЕО БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының (UNFCCC, 1992) белсенді мүшесі ретінде танылып, тараптар конференцияларында (COP) барлық мүше елдердің мүддесін білдіретін біртұтас ұйым ретінде әрекет етті.

Еуропалық Одақ 1997 жылғы Киото конференциясында Киото хаттамасын әзірлеуде маңызды рөл атқарды, шығарындыларды азайтудың сандық мақсаттарын жақтады. 2005 жылы хаттама күшіне енгеннен кейін,

ЕО әлемдегі бірінші трансұлттық көміртегі нарығы - Еуропалық Одақтың Шығарындылар Саудасы Жүйесін (EU ETS) іске қосты, бұл жаһандық климаттық саясаттың үлгісіне айналды [7].

2002-2015 жылдар аралығында Еуропалық Одақ климаттық мәселелер бойынша халықаралық аренада өзінің көшбасшылық рөлін айқын көрсетті. Одақ бұл мақсатқа кешенді климаттық стратегияларды әзірлеу және маңызды жаһандық келіссөздерге белсенді қатысу арқылы қол жеткізді. 2009 жылы Копенгагенде өткен COP-15 конференциясында ЕО, алайда, жан-жақты және заңды күші бар келісімнің қабылдануын қолдап, белсенді ұстаным білдірді. Осы жылдар ішінде «20-20-20» стратегиясы іске асырылып, 2020 жылға қарай шығарындыларды азайту, энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 20%-ға дейін көтеру сияқты маңызды мақсаттар қойылды [8].

Еуропалық одақ БҰҰ-ның Париж конференциясында (COP-21, 2015) айтарлықтай бастама көтерді, онда ол Париж келісімін жасаушылардың бірі болды. Одақ өзінің ұлттық анықталған үлесін (NDC) ұсынды, 2030 жылға қарай шығарындыларды 40% - ға қысқартуға міндеттеме алды (содан кейін 55% - ға дейін көтерілді) және келісімге ашықтық, есеп беру және ауыртпалықты әділ бөлу сияқты принциптерді енгізуді белсенді қолдады. [9]. Бұл шаралардың нәтижесінде Еуропа Одағы жаһандық климаттық келіссөздердегі беделі мен ықпалын арттырды.

2019 жылдың желтоқсанында Еуропалық Одақ (ЕО) климаттық саясатында елеулі өзгерістер жасады. Бұрынғы шығарындыларды азайту бағытынан бас тартып, Еуропалық жасыл келісімді (European Green Deal) қабылдау арқылы климаттық бейтараптыққа ұмтылуды бастады [5]. Бұл мақсатты 2021 жылы қабылданған Еуропалық климат заңында (European Climate Law) бекітіп, 2050 жылға қарай таза шығарындылардың нөлге тең болуына қол жеткізуге міндеттеме алды. Жаңа тәсіл климаттық мәселелерді ЕО-ның экономикалық, энергетикалық және сыртқы саясаттарымен тығыз байланыстырып, оның халықаралық аренадағы ықпалын күшейтуге бағытталған.

Соңғы жылдары ЕО халықаралық климаттық форумдарда белсенді рөл атқаруда. 2021 жылы Глазгода өткен COP26 саммитінде ЕО көмірді пайдаланудан бас тартуды жеделдетуге және дамушы елдерге қаржылық көмекті арттыруға бағытталған Глазгов климаттық пактісінің қабылдануына ықпал етті. Ал 2022 жылы Шарм-эш-Шейхте өткен COP27 конференциясында ЕО дамыған және дамушы елдер арасында делдал ретінде әрекет етіп, ең осал елдерге келтірілген залалды өтеуге арналған «шығындар мен залал» қорын (Loss and Damage Fund) құруды қолдады. Бұл ретте ЕО «жалпы, бірақ сараланған жауапкершілік» қағидатын ұстанып, Қытай мен Үндістан сияқты ірі шығарынды шығаратын елдердің де жаһандық климаттық мақсаттарға жетуге үлес қосуы керектігін атап өтті.

2023 жылы Дубайда өткен COP28 халықаралық конференциясында Еуропалық Одақ өзінің жаһандық климаттық саясаттағы рөлін айқын көрсетті. Олар қазба отындарынан біртіндеп бас тартуды ұсынып, сондай-ақ климаттық прогресті бағалайтын Жаһандық қорды бағалау тетігін (Global Stocktake) қолдауға дайын екендіктерін білдірді. ЕО үшін энергетикалық ауысу тек экологиялық тазалықты қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар Еуропаның экономикалық тұрақтылығын арттыруға және басқа елдерден энергия сатып алуға деген тәуелділігін азайтуға мүмкіндік беретін маңызды стратегия болып табылады.

Еуропалық Одақтың климаттық дипломатиядағы көшбасшылық рөлі тек табиғатты қорғау шаралары және экологиялық дипломатияға байланысты бастамалармен ғана шектелмейді. Оған дәлел, ЕО-тың БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП) аясындағы жүйелі, ауқымды ынтымақтастығын атап айтуға болады. ЕО ЮНЕП бағдарламаларының негізгі бөлігін қаржыландыра отырып, күн тәртібі мен басымдықтарын қалыптастырады. 2024 жылы ЮНЕП 502,1 миллион АҚШ доллары көлемінде мақсатты жарналар алды, соның ішінде ЕО топ 5-тің ішіне кіреді [10].

2024 жылы ЕО елдері мен ЕО институттарының ЮНЕП бағдарламаларын қаржыландыруға қосқан жиынтық үлесі 110 млн АҚШ долларынан асты: Германия - 47,8 млн.доллар, Еуропалық комиссия - 37,6 млн.доллар, Дания - 9,1 млн.доллар, Швеция - 7,6 млн.доллар, Италия - 5,9 млн.доллар, Бельгия - 3,4 млн.доллар, Финляндия - 3,0 млн.доллар жалпы қаржыландыруды еуропалық донорлар қамтамасыз етеді. Мұндай тұрақты жылдық түсімдер ЕО-ның ЮНЕП бағдарламаларын қолдаудағы шешуші рөлін растайды [11].

Бұл әрекеттер Еуропалық Одаққа (ЕО) халықаралық аренадағы ықпалын күшейтуге мүмкіндік берді. Одақтың ішкі тұтастығы мен дәйектілігі арқасында ол әртүрлі елдердің мүдделерін біріктіре алды. Соның нәтижесінде ЕО халықаралық климаттық келісімдердің негізгі қозғаушы күшіне айналып, климатты басқару саласында жаңа жаһандық стандарттарды белгіледі.

Талқылау

Реализм тұрғысынан ЕО-ның климаттық дипломатиядағы көшбасшылығы ұлттық және аймақтық мүдделерді қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Климаттың өзгеруі энергетикалық қауіпсіздікке, азық-түлік жүйелеріне және саяси тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан ЕО өзінің стратегиялық автономиясын нығайтуға, энергия көздерін әртараптандыруға және қазба ресурстарының импортына тәуелділікті азайтуға тырысады.

Реализм ЕО-ның климаттық келіссөздерге қатысуын сыртқы

тәуекелдерді азайту, экономикалық бәсекеге қабілеттілікті нығайту және «жасыл стандарттарды» бақылау арқылы саяси ықпалды арттырудың жол ретінде түсіндіреді. Конструктивизм тұрғысынан [3], ЕО халықаралық климаттық нормаларды жасаушы ретінде әрекет етеді. Оның әрекеттері мүдделерді қорғауға байланысты емес, тұрақты дамудың моральдық көшбасшысы ретінде жаңа ұжымдық сәйкестікті - Еуропаны қалыптастыруға бағытталған. ЕО дипломатиялық форматтар, көмек бағдарламалары және білім беру бастамалары арқылы басқа акторлардың мінез-құлық стандарттарын анықтау арқылы климаттық әділеттілік идеясын белсенді түрде насихаттайды. Бұл процестер ЕО-ның «нормативтік держава» ретінде халықаралық қабылдауын қалыптастырады (normative Power Europe) [12], оның күші әскери күште емес, әлемдік мінез-құлық стандарттарын белгілеу қабілетінде. Реализм мен конструктивизм бір-біріне қайшы келмейді; реализм материалдық негіздерді (қауіпсіздік, ықпал, экономикалық пайда) түсіндіреді, ал конструктивизм әлеуметтік-нормативтік өлшемді (сәйкестілік, құндылықтар, халықаралық нормалар) ашады.

2024 жылы ЕО төмен көміртекті саясатты жүзеге асыру үшін ұлттық мемлекеттік көмек көрсетті. Уақытша дағдарыс пен өтпелі кезеңге қарсы бағдарлама (ТСТФ) және климат, қоршаған ортаны қорғау және энергетика саласындағы мемлекеттік көмек сияқты 2022 жылы қабылданған шаралар осы құралдар мен көмектің бірыңғай еуропалық нарық қағидаттарына сәйкес келуіне құқықтық негіз болды.

Энергетикаға бөлінетін мемлекеттік көмек көлемі айтарлықтай. Мысалы, ТСТФ (the Temporary Crisis and Transition framework) бағдарламасы аясында 2024 жылы Еурокомиссия тек Германияға 18,862 миллиард еуроға дейін «жасыл» субсидиялар беруді мақұлдады.

Германия көміртегі келісімшарттары бойынша ұлттық климат және трансформация қоры арқылы 4 млрд бөлді [13, 86.].

Компаниялардың өндірістік процестерін декарбонизациялауды қолдау үшін Францияның өнеркәсіпті декарбонизациялауға арналған жыл сайынғы 3 миллиард еуро гранттары. Көмек бағдарламасы 15 жылға созылады және электрлендіру және энергия тиімділігін арттыру шаралары арқылы CCS (көміртекті ұстау және сақтау) және CCU (көміртекті алу және пайдалану) сияқты әртүрлі жаңа технологияларды енгізуді қарастырады. Жобалар талаптарға сай болуы үшін олар қолданыстағы өндірістік алаңдарда жүзеге асырылуы және көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуы керек. Жобалар конкурстық негізде CO₂ шығарындыларының алдын алған тоннасына ең аз көмек сомасына сәйкес іріктеледі.

ТСТФ бағдарламасы аясында Италияда жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіруді қолдау және нөлдік пайдаға экономикаға көшуге жәрдемдесу үшін 9,7 миллиард еуро бөлінеді. Бұл шара желге негізделген электр энергиясын, күн фотоэлектрлік қондырғыларын,

су электр станцияларын және ағынды суларды өндіруге арналған жаңа жағалау қондырғыларының құрылысына ықпал етеді [13, 96.].

Голландияның тұрақты энергия өндірісін ынталандыру бағдарламасы (SDE++, 2020ж.) жаңартылатын электр энергиясын, төмен көміртекті жылууды, жаңартылатын газды, төмен көміртекті өндірісті, жаңартылатын жылууды пайдаланатын электр энергиясын өндіретін қондырғыларды қолдау үшін 30 миллиард еуро қаржыландырды.

Ұлттық құралдардың осы мысалдарын талдау ЕО экономикасын декарбонизациялаудағы ЕО рөлін жақсы түсіну үшін маңызды. ЕО-да ұлттық субсидиялардың ұлғаюы жаңартылатын энергия көздерінің үлесінің артуына ықпал етті, ал жаңартылатын энергия көздерінің үлесінің өзгеруі электр станцияларындағы парниктік газдар шығарындыларының өзгеруінің негізгі қозғаушы күші болды [13, 96.].

Осылайша, ЕО өзінің көшбасшылығын тек ресурстар мен институттар арқылы ғана емес, сонымен бірге климаттық жауапкершілік пен ынтымақтастық туралы жалпы түсінікті қалыптастыру арқылы нығайтады.

Қорытынды

Еуропалық одақтың жаһандық климаттық дипломатиядағы көшбасшылығы нормативтік күш пен материалдық мүмкіндіктердің бірегей үйлесіміне негізделген. Реализм мен конструктивизм теорияларын қолдану осы екі жақтылықты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді: реализм ЕО-ның стратегиялық мүдделері мен қауіпсіздігін, ал конструктивизм жаңа халықаралық нормалар мен сәйкестіктерді қалыптастыру қабілетін түсіндіреді. Нәтижесінде ЕО климаттың өзгеруіне қарсы күреске қатысып қана қоймай, жаһандық климаттық саясатты өзгерту арқылы мінез-құлық стандарттарын белгілейді. Ішкі кедергілер мен сыртқы сын-тегеуріндерге қарамастан, Одақ негізгі актор мәртебесін сақтайды, оның іс-әрекеттеріне халықаралық климаттық келісімдердің сәттілігі көп жағдайда байланысты.

ЕО көшбасшылығын одан әрі нығайту қауіпсіздіктің нақты басымдықтары мен қазба отынына негізделген жүйеден төмен көміртекті отынға негізделген жүйеге ауыса отырып, тұрақты және әділ жаһандық климаттық басқарудың негізі болатын норма жасаудың конструктивистік әдістері арасындағы синергияны талап етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Моргентау Г. Политика между нациями: борьба за власть и мир. - М.: Наука, 2017. - 668р.

[2] Waltz K. Theory of International Politics. - Reading, MA: Addison-Wesley, 1979.- 251p.

- [3] Wendt A. *Social Theory of International Politics*. - Cambridge: Cambridge University Press, 1999. – 429p.
- [4] Oberthur, Sebastian. *The Role of the EU in Global Environmental and Climate Governance / The European Union and Global Governance* / Telo M. (ed.). London: Routledge, 2009. – P.192-209.
- [5] European Commission. *The European Green Deal*. - Brussels, 2019. https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal_en
- [6] Шадиметов Ю. Ш. Айрапетов Д.А. Экологическая дипломатия: Монография. – Ташкент, 2024. – С.56.
- [7] Lenschow A. *Environmental Policy Integration: Greening Sectoral Policies in Europe*. London: Earthscan, 2002.-250p.
- [8] Oberthür S., Pallemmaerts M. *The New Climate Policies of the European Union: Internal Legislation and Climate Diplomacy*. - Brussels: VUB Press, 2010.-340p.
- [9] Dupont C., Oberthür S. *The European Union's Climate Leadership: Between Ambition and Capacity. // International Environmental Agreements*. - 2021.
- [10] UN Environment Programme (2025) <https://www.unep.org/about-un-environment/funding-and-partnerships/funding-facts/earmarked-contributions>
- [11] United Nations Environment Programme (2025). We are all in this together - Annual Report 2024. <https://wedocs.unep.org/20.500.11822/47082> .
- [12] Manners I. Normative Power Europe: A Contradiction in Terms? // *Journal of Common Market Studies*. - 2002.- Vol. 40 (2).
- [13] Marcu A., Coker E. and other. 2025 State of the EU ETS Report. Roundtable on Climate Change and Sustainable Transition. 21.05.2025. – Brussels, 2025. – 44 p.

REFERENCES

- [1] Morgentau G. *Politika mezhdu natsijami: bor'ba za vlast' i mir* [Politics between Nations: The Struggle for Power and Peace]. M.: Nauka, 2017, 668 s. [in Russ.].
- [2] Waltz K. *Theory of International Politics*. - Reading, MA: Addison-Wesley, 1979.- 251 p.
- [3] Wendt A. *Social Theory of International Politics*. - Cambridge: Cambridge University Press, 1999. – 429 p.
- [4] Oberthur, Sebastian. *The Role of the EU in Global Environmental and Climate Governance / The European Union and Global Governance* / Telo M. (ed.). London: Routledge, 2009. – P.192-209.
- [5] European Commission. *The European Green Deal*. - Brussels, 2019. https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal_en

- [6] Shadimetov Ju. Sh. Ajrapetov D.A. Jekologicheskaja diplomatija. Monografija [Ecological diplomacy: Monograph], Tashkent, 2024, 56 s. [in Russ.].
- [7] Lenschow A. Environmental Policy Integration: Greening Sectoral Policies in Europe. London: Earthscan, 2002.
- [8] Oberthür S., Pallemarts M. *The New Climate Policies of the European Union: Internal Legislation and Climate Diplomacy*. - Brussels: VUB Press, 2010.
- [9] Dupont C., Oberthür S. The European Union's Climate Leadership: Between Ambition and Capacity. // *International Environmental Agreements*. - 2021.
- [10] UN Environment Programme (2025) <https://www.unep.org/about-un-environment/funding-and-partnerships/funding-facts/earmarked-contributions>
- [11] United Nations Environment Programme (2025). We are all in this together - Annual Report 2024. <https://wedocs.unep.org/20.500.11822/47082>.
- [12] Manners I. Normative Power Europe: A Contradiction in Terms? // *Journal of Common Market Studies*. 2002. Vol. 40 (2).
- [13] Marcu A., Coker E. and other. 2025 State of the EU ETS Report. Roundtable on Climate Change and Sustainable Transition. 21.05.2025. – Brussels, 2025. – 44 p.

РОЛЬ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА В ГЛОБАЛЬНОЙ КЛИМАТИЧЕСКОЙ ДИПЛОМАТИИ: ЕС КАК ЛИДЕР В МЕЖДУНАРОДНЫХ КЛИМАТИЧЕСКИХ ПЕРЕГОВОРАХ

* Ахметова Ш.К.¹

^{*1} Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. Изменение климата сегодня рассматривается как одна из важнейших вызовов для международного сообщества. В таких условиях экология формируется как новая система дипломатического взаимодействия, которая становится инструментом внешней политики. Европейский союз, объединяющий 27 стран, последовательно развивает свою климатическую стратегию, не только уменьшая воздействие на окружающую среду, но и выступая в качестве глобальной модели устойчивого развития. В последние десятилетия Европейский союз (ЕС) сыграл важную роль в формировании глобальной климатической повестки дня. В этой статье исследуется развитие климатической дипломатии ЕС. В качестве его основных инструментов рассматривается законодательная база, экономические и финансовые меры, а также активное участие в международных климатических форумах. Основная цель этого исследования-глубже понять роль ЕС в международной

климатической дипломатии и определить факторы, которые обеспечат его лидерство в переговорном процессе. В исследовании обсуждаются этапы исторического развития экологической политики ЕС, пути содействия международной климатической дипломатии и участие ЕС в многосторонних переговорах. Особое внимание уделяется влиянию ЕС на переговоры в рамках климатических конференций Организации Объединенных Наций (COP26-COP28). Также анализируются внутренние и внешние факторы, определяющие силу его лидерских позиций. Несмотря на политические разногласия и внешние трудности между государствами-членами, ЕС остается одним из ключевых игроков в управлении глобальным климатом.

Ключевые слова: Европейский Союз, климатическая дипломатия, реализм, конструктивизм, международные отношения, климатическая безопасность, Европейский зеленый курс, международные нормы

THE ROLE OF THE EUROPEAN UNION IN GLOBAL CLIMATE DIPLOMACY: THE EU AS A LEADER IN INTERNATIONAL CLIMATE NEGOTIATIONS

***Akhmetova Sh.K.¹**

***¹ Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan**

Abstract. Climate change is seen today as one of the most important challenges for the international community. In such conditions, ecology is being formed as a new system of diplomatic interaction, which becomes an instrument of foreign policy. The European Union, which unites 27 countries, has consistently developed its climate strategy, not only reducing the impact on the environment, but also acting as a global model for Sustainable Development.

In recent decades, the European Union (EU) has played an important role in shaping the global climate agenda. This article examines the development of EU climate diplomacy. The legislative framework, economic and financial measures, as well as active participation in international climate forums are considered as its main instruments. The main goal of this study is to better understand the role of the EU in international climate diplomacy and identify the factors that ensure its leadership in the negotiation process. The study discusses the historical stages of development of EU environmental policy, ways to influence international climate diplomacy and EU participation in multilateral negotiations. Particular attention is paid to the influence of the EU on negotiations within the framework of the United Nations climate conferences (COP26-COP28). It also analyzes internal and external factors that determine the strength of his leadership positions. Despite political disagreements and external difficulties between member states, the EU remains one of the key players in global climate management.

Key words: European Union, climate diplomacy, realism, constructivism, international relations, climate security, European green course, international norms

Мақала түсті: 15 Қараша 2025

Жариялауға қабылданды: 03 Желтоқсан 2025

Автор туралы мәлімет:

Ахметова Шолпан Кудайбергеновна – PhD докторант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қаласы, Қазақстан, e-mail: cholpane88@gmail.com

Сведения об авторе:

Ахметова Шолпан Кудайбергеновна – PhD докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: cholpane88@gmail.com

Information about author:

Akhmetova Sholpan Kudaibergenovna – PhD candidate, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: cholpane88@gmail.com